

Гаити Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қаңтардағы № 31 Қаулысы

Гаити Республикасында болған жойқын жер сілкінісі салдарынан қалыптасқан қиын экономикалық және әлеуметтік жағдайға байланысты Қазақстан Республиканың Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Гаити Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2010 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 100000 (бір жүз мың) АҚШ долларына баламалы сомада қ а р а ж а т б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін: « Account name: UNOG General Fund», «Bank name: JP Morgan Chase», «Bank address: 270 Park Avenue, 43rd Floor, New York, NY 10017 USA», «bank number: (ABA) 021000021» « Account number: 485001802», «Bank Swift. code: CHAS US 33».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов